

Ауыл көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігі Қарақай ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 21 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қыркүйекте N 14-7-84 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қарақай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Қарақай ауылдық округіне қарасты:
Сәтбаев ауылындағы атауы жоқ көшелеріне Наурыз, Отан, Жеңіс;
Кетебай ауылындағы атауы жоқ көшесіне Молшылық;
Қараөзек ауылындағы атауы жоқ көшелеріне Ынтымақ, Бірлік деген атаулары
б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды әкім орынбасары Ж.Асанхановқа
ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі:

С.Сейтімов